

1 2007  
89 р



# ТУЫНДЫ КӨТЕР

Балалар  
ДЕБИЕТІ







1 2007 / 89 к

# ТҮҮНДЫ КӨТЕР

Түүндү көтер,

Түүндү көтер, түүндү!

Түүндү көтер!

Талтатпау үшін тұзығуды.

Желіктен ерлер көтеріп түүн жызылды,

Желіктен елдер астында тудын, жызылды.

(Көңшилік Молғазадеков)

## **ББК 84 Қаз 7-5**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МУРАФАТ  
КОМИТЕТИНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША  
ШЫҒАРЫЛДЫ

Кітапты құрастырушылар:

— Дилахмет Әшімханұлы, Шайзада Байкенова, Есенгүл Көпқызы.

**Түнді көтер.** — Алматы.

“Балалар әдебиеті” баспасы. — 2006. 192 бет.

Бұл жинаққа Отан, Ел мен Жер, Тіл мен Діл, Рух пен Намыс,  
Елдің елдік белгілері: Ту, Елтаңба, Әнұран т.б. ең қасиетті үғымдар  
туралы өлең-жырлар, глоссарий және геральдикалық тарихынан  
тотастырылып отыр.

Жинақ мектеп оқушылары мен студенттерге, сондай-ақ,  
жалпы көшілік оқырман қауымға арналған.

**ISBN 9965-650-43-8**

T 4702250202  
00(05)-06

**ББК 84 Қаз 7-5**

- © “Ел-шежіре” 2005.
- © Қазақ кітап графикасы  
суретшілерінің  
коғамдық бірлестігі, 2005
- © “Балалар әдебиеті”  
баспасы, 2006

**ISBN 9965-650-43-8**

---

## АЛҒЫСӨЗ

---


*Күрметті жас дос! Өз Отаныңның, өз еліңнің патриоты болғанға не жетсін! Сайын дала — атажұрт бабаларымыздың көздің қараышындаи сактап, наизаның ұшы, білектің күшімен қорғағанының арқасында бізге жетіп отыр. Қазақстан деген алып елдің жер көлемі дүние жүзінде 9-орынды иеленсе, еліміздің жер қойнауы табиғи байлыққа толы. Асты мұнай, ұсті бидай.*

*Ендеше осындаи алып Отанды сүйіп өту кімге де болсын парыз әрі қасиетті міндет. Отанды сую оның әрбір тасын суюден басталады. Яғни, туған анаңа, туған жұртыңа деген маҳабbat Отанға деген маҳабbatқа ұласпақ. Демек, көңілініздегі сүйіспеншілік сезімдерді оятудың басы — Еліміздің ұлттық рәміздерін ардақ тұту. Ұлттық рәміздерге мемлекеттіліктің бес шарты — Отаның, туған тілің, ұлттық рухың және шекараң мен территориялық тұстастығың бірдей енеді. Бұл қасиетті рәміздерді ұлықтау арқылы, біз Отанымыздың патриоты бола аламмыз.*

*“Тұыңды көтер!” атты алдыңыздағы кітапта қазақ ақындарының патриоттық, азаматтық рухтағы өлеңдерінің топтамасы енген.*

Сонау Мағжан Жұмабаевтың “Түркістаны мен “Қазақ тілінен” бастап, Жұбан Молдағалиев-тің “Мен қазақын” толғауынан узінділер келтіре отырып, бүгінгі азат елдің, тәуелсіз Қазақстанның ақындарының азаттық рухымен нәр алған отты жырлары Сіздерге тарту етілмек. Жалпақ өлемге аты мәшінур Қазақстанымыз жасасын! Көк туымыз мәңгі желбіресін!







## ОТАНЫҢ, ОРДАҢ — БАС ПАНАҢ

*Мағжан Жұмабаев*

### ТҮРКІСТАН

Түркістан — екі дүние есігі ғой,  
Түркістан — ер түріктің бесігі ғой.  
Киелі Түркістандай жерде туған,  
Түріктің тәнірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен,  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,  
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.  
Тұранның жері менен сұы да жат,  
Теніздей терең ауыр ой бергендей.

Тұранның шегі-шексіз шөлі қандай,  
Теніздей кемері жоқ көлі қандай,  
Тұранның дария аталған өзендері,  
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,  
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.

Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,  
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,  
Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып-тың.  
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,  
Сары құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,  
Шалқыған шексіз-шетсіз Теңіз, Арал,  
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің,  
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яқсарт — Жейхун, Сейхун,  
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.  
Киелі сол екі су жағасында  
Табасың қасиетті бабаң бейітін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,  
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!  
Еріксіз ер Түрікті ойға аларсың,  
Көкке асқан Хантәнірге қарай-қарай.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,  
Жоталы жер кіндігі — Памир, Алтай,  
Қазықұрт қасиетті тау болмаса,  
Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат,  
Құйындар бастан кешкен күні де жат!  
Тұранды түгелімен билеп тұрган  
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,  
Білесің тарихты ашсан Тұран жайын.

Тұранға қасиетті құмар болған,  
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?  
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?  
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,  
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,  
Данышпан, тұңғиық ой болат жігер.  
Шыңғыстай арыстанның құр аты да  
Адамның жүрегіне жігер берер.

Тұранның билері бар Тарагайдай,  
Сол биден Темір туған от боп ойнай.  
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,  
Жарқ етіп өте шыққан нажағайдай.

Тұранды мақтамаймын тіпті текке,  
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.  
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен,  
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл қан — қасиетті түрік қаны,  
Сол қаннан Ибн Сина Абуғали.  
Молдығы білімінің сиқыр дерлік,  
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,  
Фараби тоғыз шекті домбырасын,  
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,  
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын.

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,  
Түріктен басқа от болып жан туып па?

Көп түрік енші алысып тарасқанда,  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге отан болған Тұран,  
Тұран да қазағым да хандық құрған.  
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы,  
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,  
Алашқа Есім ханның жолы дайын  
Тәукедей данышпан хан құрған екен,  
Басында Құлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ақ Алаш жері,  
Тұрансыз тарқамаған Алаш шері.  
Тұранның топырағында тыныштық тапқан,  
Алаштың арыстаны — Абылай ері...

Шер батса кім іздемес туған елін,  
Тұлпар да көксемей ме туған жерін.  
Арқаның ардагері — қалың алаш,  
Тұран да біле білсең сенің жерің.

Ертеде Оқыс, Яқсарт — Жейхун, Сейхун,  
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.  
Киелі — сол екі су жағасына  
Болмаса, барсаншы іздең бабаң бейітін!

## ҚАЗАҚСТАН — РЕСПУБЛИКАМ МЕНИҢ

Әйнегі — күн, шатыры — аспан,  
Кең дала... Төсі толқыған егін.  
Көлдері көкке күмістер шашқан.  
Қазақстан —  
Республикам менің!  
Кемуді білмес кеңітті өмір,  
Құрсағы құтты сахара демін.

Перзентті: болат, қорғасын, көмір  
Қазақстан —  
Республикам менің.

Өрісте малын әндетіп баққан,  
Ертістің от қып толқынын жаққан.  
Доп қып аққан жүлдышызды қаққан  
Қазақстан —  
Республикам менің!

Айқаста жаудың алқымын сыққан,  
Ажалға қимай намысты елін.  
Төлеген, Мәншүк батырлар шыққан,  
Қазақстан —  
Республикам менің!

Орманы — пүліш, бұлағы — күміс,  
Бұлбұлы — жыршы, ұл-қызы керім,  
Таулары заңғар, өзені — ырыс,  
Қазақстан —  
Республикам менің.

Абай туған, Сәкен туған  
Құрметте достым, қазақтың жерін.  
Қамбаға жылда миллиард құйған  
Қазақстан —  
Республикам менің!

Өлеңі — жыры фонтандай атқан,  
Жеңістің кілтін достықтан тапқан,  
Күнде бір көктеп жаңарып жатқан,  
Қазақстан —  
Республикам менің!

## **ТУФАН ЖЕР**

Шықшы тауға, қараши кең далаңа,  
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.  
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсен,  
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?  
Уа, дариға — алтын бесік туған жер,  
Қадырынды келсем білмей кеше гөр!  
Жата алмас ем топырағында тебіренбей.

Ақын болмай, тасың болсам мен егер,  
Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!  
Нендей күйге жүргегімді бөледің?  
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем, —  
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім.

Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім,  
Қызығынды көріп еркін келемін.  
Сен де аямай бердің маған барынды,  
Мен де аямай барым саған беремін.

Болдым ғашық, туған дала мен саған,  
Алыс жүрсем, арманым сен аңсаған.  
Жақын жүрсем, мен — төрінде рахаттың,  
Алтын бесік — өзім туған босағам!

## **ТУҒАН ЖЕР, ТОПЫРАҒЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН**

Туған жер, топырағыңнан айналайын,  
Гүлінді жаңа шыққан аймалайын.  
Құшактап көктемінді гүлмен келген,  
Жанымды нүрмен сылап жайланаійын.

Көк жасыл орманыңды аралайын,  
Жұпарлы желдеріңмен тараңайын.  
Жанымды жаз үндері тербеткенде,  
Жаңарып, жан сарайын тазалаійын!

Суыңа шарапатты шомылайын,  
Тұғызын кеудемнен бір көңіл айын.  
Сайрандап туған жердің қырын ойын  
Жадырап рақатыңа молығайын!

Қызмінез қылымсыған бүйра қайың,  
Жағынып жағада түр жұпар майын.  
Алайын құмыңа аунап күн бұлауын,  
Секілді ең сүйікті еркетайың.

Ауанда мөлдір, таза тынығайын,  
Қуат ап жүргегінен жылынаійын.  
О, туған жер! Топырағыңды қасиеттеп,  
Тәжім қып, саған ғана сыйынаійын!

## АЛМАТЫ ДАНҚЫ

Алыстан келсем, Алатау,  
Алдынан құшақ жаясың.  
Шаңқиған өңкей ақ отау,  
Сайлайды маған саясын.

Төрінде жасау көк орман,  
Төменде бұлақ жарысқан.  
Баурында шалғын оралған,  
Бағында жеміс қайысқан.

Таулары көкті жастаңған,  
Астанам асқан ірісің.  
Алысқа — аңыз, досқа — арман,  
Аузында жүрттың жырысын.

Сүйкімді сонша жаралған,  
Сұлусың неткен Алматы.  
Сөuletің сенің сан алуан,  
Сарап жиған сияқты.

Қызығың қылышақтар,  
Қызығар саған әркім-ақ,  
Көргеннің көзің тұндырар,  
Алмаңың жүзі албырап.

Алыстан саған келгендер  
Аттанбас, сірә сүйсінбей,  
Аймақта солай тарай бер,  
Алмаңың әсем иісіндей!

## **ҚАЗАҚСТАН**

Жақсы аттанды демессің сүйем десем,  
Табынатын тәнірім, ием де — сен.  
Адам болып күн кешу қын маған,  
Арқа тұтып өзіңе сүйенбесем.

Сен менің сүйегім мен қанымдасың,  
Жанымдасың, ұятым, арымдасың.  
Саған деген махабbat дамылдасын,  
Тек сенің топырағынды жамылғасын.

Өзіңше түсің де ерек, ісің де ерек,  
(Сырым бар саған айттар ішімде көп).  
Қомағай көзімді бір тойдыра алмай,  
Қорқамын бәрі осының түсім бе деп.

Қазақстан!  
Пай, пай, пай!  
Ардағым-ай!  
Сен менің Шолшанымсың, жанған ұдай,  
Өзінде өмір сүрген қандай бақыт,  
Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!

## ОТАН

Отан!!

Отан!

Сен болмасаң не етер ем?

Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем.

Өмірден бұл өксүменен кетер ем.

Құс ұясыз,

Жыртқыш інсіз болмайды.

Отансыз жан өмірінде оңбайды.

Өзін-өзі қорлайды да сорлайды,

Тірі адамға — сол қайғы.

Күн көреді,

Әкесіз де, анасыз.

Өмір сүрер,

Әйелсіз де, баласыз.

Ал, Отансыз —

Нағыз сорлы панасыз?

\*\*\*

Оңай сөз ғой “Отанды сүйем” деген  
Не тындырдың “басымды иемменен?”  
Оңай сөз ғой, құрбым-ау, оңай сөз ғой,  
“Отан үшін өлемін күйем” деген.

Өлім деген ерліктің қорегі ме,  
Өлмей-ақ қой бос сөздің керегі не?  
... Егер Отан сыңсыған орман болса,  
Жапырақ боп жармасқың терегіне.

Самалы бол Отанның салқындаған,  
Сандуғаш бол, сайратсын алтын далаң.  
Семсері бол Отанның қынабында  
Сертке ұстаса селт етпей жалтылдаған.

Шетсіз, шексіз қиырсыз ұлы дала,  
Шуақ болып шашылмай жылына ма?  
Сүй, Отанды,  
Шыныңмен сүйіп өт те,  
Гүл боп қадал ойына, қырына да.

“Жұз толғанып, күніне мың ойласам”  
Ақ басты алып анаммен шырайласам.  
Қалай оны сүйем деп айта аламын,  
Бірге күліп, қуанып, мұнаймасам?!

... Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген,  
Іс тынбайды жанамын, күйемменен.  
Өгей әке емес қой Отан деген,  
Отанды мен Атамдай иемденем.

## ТУ ТУРАЛЫ ЖЫР

Туынды көтер,  
Туынды көтер, туынды!  
Туынды көтер!  
Таптатпау үшін тұғырды.  
Неліктен ерлер көтеріп туын жығылды,  
Неліктен елдер астында тудың жиылды.

Тулары бірге адам мен адам табысса,  
Неліктен туды теңейміз ар мен намысқа.  
Жеңіспен алған жерлерге неге қадаймыз,  
Неліктен оны жібереміз біз Фарышқа.

Жүректе — шындық,  
Шыққанда шындық жүректен,  
Жүректі және теңейміз туға дір еткен.  
Неліктен туды көтерген өлем құлдары.  
Шынжыры бір сәт босаған кезде білектен.

Отаның — біреу,  
Жүрегің — біреу,  
Ту — біреу.  
Сондықтан жөн ғой  
“жүректен туым туды” деу,  
“Туындей берік бол!” дейміз біздер,  
Сондықтан  
Рақат қой тудай —  
желбіреп, жану, үлбіреу,

Туындей берік, туындей нәзік бола алсан,  
Туынды ұсташа — аманат саған, саған сән.  
Туынды көтер,  
Туынды көтер, туынды!  
Өз Отаның мен өз жүрегінен жаралсан!

## **ОТАН**

Өлімі де өнеге ғой алыштың,  
 Лұқпан хакім көз жұмғанда  
 Дөңгелегі тоқтап қалған  
     секілденіп тарихтың,  
 Қайғысында шек болмапты халықтың.

Қасіретке кім тұрады арашы,  
 Кім билігін жүргізе алмақ тағдырға.  
 Осы шақта Лұқпан хакім баласы,  
 Әкесіне арнап жоқтау жыр жазып  
 Оқып берді қалың жүрттың алдында.  
 Бірақ жыры ойсыз әрі жалынсыз,  
 Болған соң ба естілді тым нанымсыз.  
 Әдеп сақтап әрең тыңдалап ел тұрды,  
 Бұл Байбара ақсақалдың  
     күрт ызасын келтірді:  
 “— Дүрелендер мына арсыз баланы!  
 Деп ақырды жарқ-жүрқ етіп жанары.  
 - Күнәм қайсы, айтпайсыз ба қариям? —  
 Деді бала тас түйіліп қабағы.

— Күнәм қайсы дейсің ә?  
 Жүрегіне күннің гүлзар  
     жылдылығын жинаған,  
 Қыран таулы кең даланың  
     ұлылығын жинаған.  
 Жинағаның адамзатқа  
     жомарттықпен сыйлаған,  
 Сөйте тұра адамзаттың  
     манғайына сыймаған,